

1. Казакстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерлерінің сыбайлас жемкорлықка қарсы стандарттары полиция, қылмыстық-атқару жүйесі, азаматтық қорғау қызметкерлері, әскери қызметшілер мен мемлекеттік әкімшілік қызметшілер (бұдан әрі - қызметкер) үшін құнды және моральдық сыбайлас жемкорлықка қарсы бағыт-бағдарлар жүйесін құру арқылы ішкі істер органдарындағы сыбайлас жемкорлықтың кез-келген көріністеріне тозбеушілік атмосферасына қол жеткізуге бағытталған.

2. Озінің күнделікті қызметінде ішкі істер органдарының қызметкері:

1) Казакстан Республикасы Президентінің саясатын ұстануы және оны кезен-кезенмен қолданысқа енгізуі;

2) заңдылықтың қағидаттарын, Казакстан Республикасы Конституциясының, заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алуы, сыбайлас жемкорлықка қарсы заңнаманы қатаң сақтауы;

3) жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сақтауды және қорғауды қамтамасыз етуі;

4) қоғам мен мемлекеттің игілігі үшін жұмыс істеуі, өздерінің іс-әрекеттерімен мемлекеттік биліктің беделін нығайтуы, ішкі істер органдарының атына кір келтіретін іс-әрекеттерді жасауға жол бермеуі;

5) мүдделердің жанжалы туындағаны, қызметтік міндеттерді орындау кезіндегі жеке қызығушылығы туралы, сыбайлас жемкорлық жүріс-тұрысқа және сыйлықтар алуға бейімділігі туралы тікелей немесе тура басшысына баяндауы;

6) қызметтік міндеттерін орындау кезінде жеке және (немесе) пайдакүнемдік қызығушылықтарды басшылыққа алмауы;

7) манызды қызметтік шешім қабылдауға ықпал етуі мүмкін өзара қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын заңсыз отініштермен әріптестері мен басшыларына жүгіруден аулақ жүруі;

8) басқа да адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға бейімдемеуі және мұндай іс-әрекеттерді қотермелемеуі;

9) әріптестеріне, басшылары мен өзге де лауазымды адамдарға сыйлықтар бермеуі;

10) қызметтік өкілеттіктерді орындаумен байланысты сыйлықтар алмауы;

11) мүлктік және мүлктік емес игіліктер мен басымдықтарды алу мақсатында таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбауы;

12) егер жақын туыскандық және отбасылық қарым-қатынастардағы адамдар (*әке-шешелері, жұбайылары, аға-інілері, апа-сінлілері, балалары*) тікелей қарамағында немесе бақылауында болса, оларды лауазымға тағайындаудан бас тартуы;

13) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік танытуы;

14) сыбайлас жемқорлықтың белгілі болған фактілері, оның ішінде материалдарды тездетіп қарағаны үшін қандай да бір пайда алуға бейімділігі не болмаса әуре-сарсанға салу туралы басшылыққа дереу баяндауы;

15) орындау үшін алған өкімнің заңдылығына күдіктілігі туралы тура немесе тікелей басшысына дереу жазбаша түрде хабарлауы;

16) егер тікелей басшысының өзі мүдделер жанжалына тартылған болса, жоғары тұрған басшылыққа жүгінуі;

17) жоғары құқықтық сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті ұстануы және әріптестерінен талап етуі;

18) туындауы мүмкін мүдделер жанжалының, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың және олардың салдарларының себептері мен жағдайларын жою жөніндегі шараларды ұдайы негізде қабылдауы;

19) кірістер алумен байланысты кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызметті жүзеге асыруда біреуге көмек көрсетуден бас тартуды ұстануы;

20) үшінші адамдардың мүдделерін білдіруден немесе қамқорлық жасаудан, сондай-ақ олардың атынан іс-әрекеттер жасаудан аулақ жүруі;

21) басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне заңсыз араласуды жүзеге асырмауы;

22) материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын, сондай-ақ өзге де мемлекеттік мүлкті және қызметтік ақпаратты қызметтік емес мақсаттарда пайдаланбауы тиіс.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету, лицензиялық-руқсат функцияларын іске асыру және халыққа өзге де қызмет көрсету кезінде қызметкерлерге:

- 1) мемлекеттік қызметтер тұтынушысы ретінде халықтың сұрау салуларын негізге ала отырып, қорсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру жөніндегі шараларды ұдайы негізде қабылдау;
- 2) мемлекеттік қызметтер, лицензиялар мен рұқсат құжаттарын алуға арыздарды қарау кезінде әуре-сарсанға салу фактілеріне жол бермеу, оларды белгіленген мерзімдерде беру;
- 3) мемлекеттік қызметтер, лицензиялар мен рұқсаттар алуға келген арыз иелерімен қызметтік емес қарым-қатынастарға түспеу;
- 4) құқық бұзушылықтар және (немесе) қылмыстар жасауға бейімделуге әрекеттер жасау туралы басшылыққа баяндау;
- 5) «бір терезеден беру» қағидасын сақтау, мемлекеттік қызметтер, лицензиялар немесе рұқсат құжаттарын алуға келген арыз иелерімен тікелей байланысты барынша азайту;
- 6) мемлекеттік қызметтер қорсету, лицензиялар немесе рұқсат құжаттарын алу үшін бекітілген тізбеге кірмейтін қосымша құжаттарды ұсынуды талап етпеу және сұратпау;
- 7) мемлекеттік қызметтер қорсету туралы қарау үшін қабылданған арыздар туралы, сондай-ақ оларды қарау дәрежесі туралы мәліметтерді автоматтандырылған ақпараттық жүйелеріне *(олар болған жағдайда)* уақтылы енгізу ұсынылады.

4. Қоғамдық тәртіпті және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, әкімшілік және өзге де

бұзушылықтарды анықтау, сондай-ақ жедел-алдын алу іс-шараларын жүзеге асыру кезінде қызметкерлерге:

1) азаматтармен қарым-қатынас жасау кезінде өзін таныстырудан *(қызметтік қуәлігін көрсете отырып, өзінің лауазымын, атағын және тегін айту)* жалтармау;

2) өзі үшін немесе үшінші адам үшін заңсыз материалдық пайда алу мақсатында арандату сипатындағы кедергілер немесе өзге де жағдайлар жасамау;

3) қызметтік міндеттерін орындау және алдын алу іс-шараларын жүргізу кезеңінде техникалық құралдар бар болған жағдайда қоршаған ортадағы жағдайды, азаматтардың іс-әрекеттерін, оның ішінде ІІО қызметкерінің өзінің барлық іс-әрекеттерін аудио-бейнежазбаға жазу, өз қарауы бойынша аудио-бейнежазба құралдарын сөндірмеу, сондай-ақ жазбаны өшірмеу;

4) қызметкерлердің іс-әрекеттері мен талаптары азаматтарға түсінікті болуы үшін қажетті шараларды қабылдау;

5) Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекстің басқа да нормалары бойынша әкімшілік құқық бұзушылықтарды қасақана дұрыс сараламау фактілеріне жол бермеу;

6) әкімшілік құқық бұзушылық белгілері табылған жағдайда кез-келген себептер бойынша әкімшілік жауапкершілікті жасыру және оған тартпау фактілерін болдырмау;

5. Сотқа дейінгі тергеулерді және қылмыстарды ашу, тергеу және жолын кесу жөніндегі жедел-іздістіру іс-шараларын жүзеге асыру кезінде қызметкерлерге:

- 1) сотқа дейінгі тергеу материалдары бойынша он шешім қабылдағаны үшін, сондай-ақ жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу барысында пара алуға бейімдеу жағдайлары туралы басшыға дереу хабарлау;
- 2) сотқа дейінгі тергеу және жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу барысында белгілі болған мәліметті таратпау;
- 3) шешіміне мүдделі материалдар бойынша өзін-өзі шеттету туралы тікелей басшысына отініш жасау;
- 4) құжаттар мен өзге де дәлелдемелерді жасыруға жол бермеу;
- 5) адамдарды жауапкершіліктен және сот төрелігінен жалтаруға жол бермеу және ықпал етпеу;
- 6) адамдардың есірткі құралдарын, психотроптық заттарды немесе алкогольдік ішімдіктерді алуына көмек көрсетпеу;
- 7) жедел-ізвестіру қызметін жүргізуге бөлінген бюджеттік қаражатты мақсатты пайдалануды қамтамасыз ету;
- 8) жедел-ізвестіру іс-шаралары мен сотқа дейінгі тергеулерде дәлелдемелерді бұрмалау фактілеріне жол бермеу үсынылады.

6. Қылмыстық және әкімшілік жазаларды орындауды ұйымдастыру кезінде қызметкерлерге:

1) жазасын өтеп жатқан адамдардың туган-туыстарымен жеке не болмаса қандай да бір қарым-қатынастарда болмау;

2) қамауда ұстау және бас бостандығынан айыру орындарына тыйым салынған заттарды бергені үшін заңсыз сыйақы алуға бейімдеу жағдайлары туралы тікелей басшылығына хабарлау;

3) қамауда ұстау және бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан адамдардың пайдалануға тыйым салынған заттарды пайдалану фактілерінің жолын кесу, сондай-ақ олардың кіру тәсілдерін анықтау;

4) қызметкердің жазасын өтеп жатқан адамдармен қызметтік емес қарым-қатынастары туралы тікелей басшылығына баяндау ұсынылады.

7. Азаматтық қорғауды қамтамасыз ету және тотенше жағдайларды жою кезінде қызметкерлерге:

1) жеке не болмаса үшінші адамдардың мүдделеріне сеніп тапсырылған орт және арнайы техниканы, жабдықтар мен керек-жарақтарды авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізумен байланысты емес жұмыстарға пайдалану фактілеріне жол бермеу;

2) тотенше жағдайдың себептерін анықтау кезінде жеке қызығушылыққа жол бермеу не болмаса оны туындауының объективті себептерін жасыру мақсатында үшінші

адамдардын мүдделері үшін әрекет жасамау;

3) авариялық-құтқару және шғыл жұмыстарды жүргізу кезінде ботеннің мүлкін ұрлау фактілеріне жол бермеу;

4) жанар-жағармай материалдарының, тауар-материалдық бағалы заттардың жұмсалыуына және есептен шығарылуына ұдайы бақылауды жүзеге асыру ұсынылады.

8. Ішкі істер органдарының құзыретіне кіретін заңды және жеке тұлғаларды тексеруді ұйымдастыру кезінде қызметкерлерге:

1) жеке мүдделеріне және үшінші адамдардын мүдделеріне тексерістерге бастамамашылық жасауға жол бермеу;

2) тексерілетін субъектілердін есебінен тексеріс іс-шараларын алып тастау;

3) тексерілетін субъектілерге заңсыз талаптар қоймау, тексеріске жатпайтын отініштермен жүгінбеу;

4) тексерісті жүзеге асыру кезінде тексеріске жататын қажетті ақпаратты тексерілетін субъектіге ұсыну;

5) Казакстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексі 140-бабының 3-тармағында қозделген жағдайларды қоспағанда, тексеріс аяқталған күні жүргізілген тексерістің нәтижелері туралы актімен тексерілген субъектіні таныстыру;



6) жеке және (немесе) пайдакүнемдік мүдделерде кәсіпкерлік қызметтің субъектілеріне қолдау көрсетпеу;

7) тексерістерді жүзеге асыру кезінде тексеріліп жатқан кәсіпкерліктің субъектілерінен тексеріске жатпайтын құжаттарды талап етпеу ұсынылады.

9. Қызметкерлерді іріктеу және орналастыру жөніндегі кадр жұмысын ұйымдастыру кезінде басшылар мен қызметкерлерге:

1) меритократия қағидасын басшылыққа алу;

2) жоғары тұрған лауазымға тек ішкі істер органдарының кадрлық резервінде тұрған адамдар қатарынан ғана тағайындау;

3) қызметкерлерді лауазымға тағайындауға арналған материалдарды қараудың белгіленген мерзімдерін сақтау және бақылау;

4) ішкі істер органдарына қызметке қабылдау кезінде ІІО қызметкеріне жүктелетін негізгі міндеттерді, тыйымдарды және шектеулерді түсіндіру;

5) қызметкерлер қызметтік тұрғын ұйымдастыру мүдделерін қансыз білдіру не болмаса қамқорлық қорсетуге жол бермеу;

6) нақты түру мәніне тексеріс жүргізу арқылы қызметкерлерге тұрғын үй отемақысына бөлінген бюджеттік қаражатты мақсатты пайдалануды қамтамасыз ету үсынылады.

10. Барлық деңгейдегі басшылар қарамағындағылармен қарым-қатынастарда:

1) рулық, жерлестік және жеке сенімділік белгілері бойынша кадрларды іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеу, меритократия қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ету;

2) қарамағындағы қызметкерлердің міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін нақты айқындау;

3) қарамағындағы қызметкерлердің арасындағы еңбек жүктемелерін тең болмеуге жол бермеу;

4) қарамағындағыларының қызмет нәтижелерін бағалау, сондай-ақ қотермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде өділеттілік пен объективтілік таныту;

5) қарамағындағыларға нақты орындалмайтын немесе олардың қызметтік міндеттеріне кірмейтін, сондай-ақ қаннамаға қарама-қайшы келетін өкімдер бермеу;

6) қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қарамағындағыларының қызметіне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;

7) қарамағындағы қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық қықық бұзушылықтар жасауға

мәжбүрлемеу;

8) карамагындагы және баска да қызметкерлердін тарапынан сыбайлас жемкорлықка карсы заннаманын нормаларын бvзу фактілеріне жол бермеу және жолын кесу;

9) карамагындагы қызметкер озінін қызметтік міндеттерін орындау барысында туындайтын мүдделер дауын реттеу бойынша жан-жақты шараларды уактылы кабылдау;

10) сыбайлас жемкорлықтын алдын алу жөніндегі жан-жақты шаралар кабылдау;

11) карамагындагылардын сыбайлас жемкорлық кvкык бvзушылықтар жасауга ыкпал ететін себептер мен жагдайларды жою;

12) карамагындагылармен кvмар ойындарга катысудан аулак жүру;

13) карамагындагыларды қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындау үшін тартуға жол бермеу;

14) озінін мінсіз жүріс-түрысымен карамагындагы қызметкерлерге үлгі корсету ұсынылады.

11. Басшы онын карамагындагы қызметкерлердін арасында осы Сыбайлас жемкорлықка карсы стандарттарды сақтауын камтамасыз етеді және сыбайлас жемкорлықка карсы жұмысты ұйымдастырады.